

Р.С. Жақсылықбаева* , Р.Ш. Бакенова ,

А.Ш. Бүркітбаева , Ш.А. Атай 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: jak-rimma@mail.ru

МЕДИА ЭТИКАДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАҒИДАТ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің жемісті болуы журналистің құқықтық және этикалық қағиданы қаншалықты меңгеруімен тікелей байланысты. Заңды және журналистік әдеп пен тәртіп, сөз және баспасөз бостандығы – журналистің бүкіл жұмысының іргетасы.

Медиа этиканың теориялық сипатын, тәжірибелік негізін, заңдық нормасын айқындап, уақыт ағымына қарай тыңғылықты зерттеу жүргізу қажет. Бүгінде журналист этикасының құқықтық, этикалық ережесінің журналистикадағы орнын бағамдау қажеттігі туындап отыр.

Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – журналистің кәсіби этикасы мәселелерін ғылыми тұрғыда зерделеп, құқықтық сауаттылықты арттыруда этикалық кодекстерді талдап, бұқаралық ақпараттағы дерек көздеріне сапалы ой жүгірте отырып, бағамды зерттеу жүргізу.

Зерттеу жұмысының әдістемесі медиа этиканың теориялық сипаты, журналист құқығы мен бостандық қағидалары, деректер мен ғылыми зерттеулер арқылы айқындалып, сараптамалық талдау жасалады.

Мақала барысында журналистің журналистік шығармашылық құқығы мен міндеті арқылы әдептік қыры қарастырылады. Шетелдік зерттеуші мамандардың ауқымды зерттеуіне назар аударылып, журналистік құқықтық, нормативті құжаттарға сараптама жасалады. Журналист қызметін жақсартудағы, шығармашылық сауаттылығындағы маңызды тұсы талданады.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде медиа этиканың құқықтық жарияланымдағы тақырыптық, мазмұндық, журналистік заңдық қолтаңбасы дәлел-дәйек арқылы талданады. Зерттеуде этикалық кодекстердің тиімділігіне қатысты сыни пікір барысында бірнеше теоретик ғалымдар еңбегіне сүйендік. Медиа этикадағы маңызды мәселе талдау, тұжырым жасау арқылы дәлелденіп, шешімді бағыт-бағдары берілді.

Ғылыми жұмысының ғылыми-практикалық маңызы медиа этика ұғымын кеңінен аша отырып, этика кодекстері, журналистің құқықтық, заңдық сауаттылығы жайын көрсету. Кейде қоғамдағы мораль заңға айналып жатады. Әрине, екеуі бір-біріне байланысты болғанымен, екеуінің бір нәрсе емес екендігін ұғындыру мақсатында этика міндетін жан-жақты бағамдау.

Жұмыстың зерттеу жаңалығы қоғамда журналистің этикалық шешім қабылдауындағы тәжірибесін теориялық бағытта бағамдалуына болып отыр. Өйткені, этикалық құндылық саналатын ережелер жиынтығы журналист үшін басты мүдде болуы тиіс.

Зерттеу жұмысының құндылығы – бұқаралық ақпарат құралындағы медиа норманы талдай отырып, шеңберден шығып жатқан мәселенің мәнін ашып, талдап көрсету. Сол мақсатта ҚР «БАҚ туралы заңын», ҚР Конституциясын, ҚР «Қылмыстық кодексіні», ҚР «Азаматтық кодексіні», ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңын» т.б. кодекс, заңдарды басшылыққа ала отырып, тәжірибелік тұрғыда сарапталды. Ғылыми мақалада бүгінгі журналистикадағы құқықтық жарияланымдағы дерек-дәйек, пайымды, тұщымды ой қамтылды.

Түйін сөздер: медиа этика, этикалық кодекс, құқықтық журналистика, заң нормасы, журналист міндеті.

R.S. Zhaxylykbaeva*, R.Sh. Bakenova, A.Sh. Burkitbayeva, Sh.A. Atay

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: jak-rimma@mail.ru

Legal principle in ethics and responsibility of a journalist

The effectiveness of mass media activities is directly related to the degree to which a journalist learns the legal and ethical principle. Legal and journalistic ethics and discipline, freedom of speech and the press are the cornerstones of the entire work of a journalist.

It is necessary to determine the theoretical nature, practical basis, legal norm of media ethics and conduct thorough the research with the passage of time. Today, there is a need to assess the place of the legal and ethical rule of ethics in journalism.

The main purpose of the scientific article is to conduct a scientific study of the problems of professional ethics of a journalist, analyze ethical codes in improving legal literacy, conduct an assessment study with a qualitative reflection on the sources of mass information.

The methodology of the research is determined by the theoretical nature of media ethics, the principles of journalist rights and freedoms, data and scientific research; additionally an expert analysis was carried out.

In the course of the article, the ethical aspect of a journalist through the right of journalistic creativity is considered. Attention is paid to a large-scale study of foreign research specialists; an examination of journalistic legal and regulatory documents was carried out. An important point in improving the activities of a journalist, creative literacy was analyzed.

As a result of the research work, the thematic, substantive, journalistic legal signature of media ethics in a legal publication is analyzed by argument. The study relied on the work of several theoretical scientists who criticized the effectiveness of the ethical codes. An important issue in media ethics was substantiated by analysis, conclusion; and a decisive direction was given.

The scientific and practical significance of this scientific work is to reveal the concept of media ethics, to show the codes of ethics, legal literacy of a journalist. Sometimes, morality in society becomes law; of course, although the two are related, it is necessary to evaluate the task of ethics in detail in order to make it clear that they are not the same thing.

The novelty of the research is the theoretical assessment of the journalist's experience in ethical decision-making. After all, a set of rules that are considered ethical values should be the main interest for a journalist.

The value of the research is to reveal and analyze the essence of the problem that goes beyond the framework, analyzing the media norms. For the same purpose, the law of the Republic of Kazakhstan "On mass media", the Constitution of the Republic of Kazakhstan, the "Criminal Code" of the Republic of Kazakhstan, the "Civil Code" of the Republic of Kazakhstan, the law of the Republic of Kazakhstan "On administrative offenses", etc. were analysed. The scientific article contains facts, reasoning and thoughts in today's legal publication in journalism.

Keywords: media ethics, code of ethics, legal journalism, duty of a journalist.

Р.С. Жаксылықбаева*, Р.Ш. Бакенова, А.Ш. Буркитбаева, Ч.А. Атай
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: jak-rimma@mail.ru

Правовой принцип в медиаэтике и ответственность журналиста

Плодотворность деятельности средств массовой информации напрямую связана с тем, насколько журналист владеет правовыми и этическими принципами. Юридическая и журналистская этика и дисциплина, свобода слова и печати – краеугольные камни всей работы журналиста. Необходимо определить теоретический характер, практическую основу, юридическую норму медиаэтики и провести тщательное исследование в динамике развития новых медиа. Сегодня актуализируется необходимость оценить место правовых, этических положений этики журналиста.

Основная цель научной статьи – изучение вопросов современной профессиональной этики журналиста, анализ этических кодексов, необходимость повышения правовой грамотности, качественное осмысление источников СМИ.

Методика исследовательской работы определяется теоретическим характером медиаэтики, принципами журналистского права и свободы, новыми данными и научными исследованиями. Авторы использовали контент-метод и экспертный анализ.

В ходе статьи рассматриваются этические аспекты журналиста через призму прав и обязанностей журналистского творчества. Особое внимание уделяется масштабному исследованию зарубежных ученых, проводится экспертиза юридических, правовых и нормативных документов. Анализируются ключевые моменты в совершенствовании деятельности журналиста и профессиональной грамотности.

В результате исследовательской работы авторы формулируют тематическую, содержательную и юридическую структуры медиаэтики, аргументируют критический взгляд на эффективность этических кодексов, предлагают аналитические концепты и прогнозы развития медиаэтики.

Научно-практическая значимость научной работы заключается в широком раскрытии понятия медиаэтики, этических кодексов, правовой, юридической грамотности журналиста. Авторы

описывают концепт равенства без идентичности: «иногда мораль в обществе становится законом».

Исследовательская новизна работы заключается в теоретической ориентации опыта журналиста в принятии этических решений в обществе. Сделан вывод о том, что свод правил, считающийся этической ценностью, должен быть главным интересом для журналиста.

Ценность исследовательской работы состоит в том, чтобы раскрыть и проанализировать суть проблемы, выходящей за рамки обычных представлений журналистов, анализируется медианорма современных СМИ. С этой же целью был проведен практический анализ «закона О СМИ» РК, Конституции РК, «Уголовного кодекса» РК, «Гражданского кодекса» РК, Закона РК «Об административных правонарушениях» и др.

Ключевые слова: медиаэтика, этический кодекс, правовая журналистика, норма права, обязанность журналиста.

Кіріспе

Журналист елге үлгі боларлықтай терең білімді, батыл, ашық мінезді, жазу мәдениетін толық игерген жоғары сауатты, тума талантты, дарынды болуы қажет. Осы қасиеттері арқылы журналистің өмірдегі ұстанымы мен көзқарасы, моральдық-этикалық тәлім-тәрбиесінің деңгейі көрінеді.

Этика – адамгершілік пен мораль туралы теориялық заң мен тәжірибелік талапты зерттейтін ғылым саласы. Этикалық қағидалар: еңбек сүйгіштік, адалдық, сыйластық, сыпайылық, өзін дұрыс ұстай білу, жақсы мінез-құлық т.б. жайттардан айқындалады. Осылай адамгершілікке бағыттала келіп, дұрыс адам болуға итермелейді. Демек, журналист бойында осы қасиеттің бәрі болу тиіс. Өйткені, ол кәсіби ісі арқылы тек игі қасиеті арқылы ғана табысқа жетеді. Этикалық норманың заңда көрсетілмеген тұсын журналист өз ақыл, санасымен ұғынуы керек. Ол адамгершілік пен азаматтық парасаттан туындайды.

Этика – адамның ішкі қатынасын реттейтін, адам мен қоғам мәдениетінің құрамдас бөлігі, өзін-өзі ұстау ережесінің жиынтығы. Әдептілік, шынайылық, табиғилық, ілтипаттық сынды адамға қатысты мәнге ие қасиеттің этикалық маңызды қредосы. Адамның өзі-өзі құрметтеуі қазіргі этиканың объективті қажеттілігін туындатып отыр.

Этика – мораль туралы ұғым. Мораль теориясы – адам өміріндегі мораль құрылымының жиынтығы. Мораль құрылымы негізгі ізеттілік қызметі, ізеттілік қатынасы, моральдік сана сынды үш элементтен тұрады.

Гректердің *ethos* сөзін ескерсек, этика шешім қабылдаудың философиялық негіздерін қарастырады. Дилеммалар арқылы ойланған кезде сіз латынның *more* сөзінен шыққан мо-

раль туралы ойлайсыз. Мораль адамдардың өздерін қалай ұстайтынын, қалай әрекет ететінін көрсетеді. Сондықтан этика моральды қарастырады.

Этика үш түрге бөлінеді:

1. Медиа этика мораль тілінің мәнін саралайды. «Адамдар қолданатын сөздер не мағына береді» деген сауалға жауап береді.

2. Нормативті этика этикалық әрекеттердің принциптері ретінде әрекет ететін нормаларды қарастырады.

3. Қолданбалы этика немесе казуистика нормативті теорияларды белгілі бір этикалық дилеммаларға қатысты қолданады (Ли Энн Пек, Гай С. Рил., 2018).

Әдеп – көп құрамды, күрделі ұғым болғандықтан оның құрамына келесі қағидалар кіреді:

- Сөйлеу әдебі. Ауыздан шыққан әрбір сөзге абай болып, бей-берекет сөйлеуден аулақ болу.

- Өзін-өзі ұстау әдебі. Кез-келген ортада өзін дұрыс, байсалды, сабырлы ұстауы.

- «Әдептілік кісінің киімі, әдепсіз адам – жалаңаш жанмен тең», - деп дінімізде баяндалғандай, тәрбие, әдептілікті, тәнді сырт көзден қорғайтын киімге теңесек, әдепсіз жан, киімнен жұрдай, өзі тырдай жалаңаш адам іспеттес болмақ.

- «Өз-өзінді жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілісін», - дегендей, сыйласа білу де – үлкен өнер. Халқымыз ежелден адамгершілік, инабаттылық, татулық сияқты асыл қасиетті бойына сіңіріп келеді. Адам баласы ең әуелі өзің құрметтей білуі қажет. Өзіңді сыйламай, өзгеден сыйластық күту – бекершілік.

- «Ұлық болсаң – кішік бол». Тәкәппарлық, менмендік, менсінбеушілік секілді ұнамсыз қасиеттерден ада болу.

Библиографиялық шолу

Журналистің кәсіби этикасына байланысты Ли Энн Пек, Гай С. Рилдің «Медиа этика» (2018), Г.В. Лазутинаның «Профессиональная этика журналиста» (2019), Д.С. Авраамовтың «Профессиональная этика журналиста» (2013), Е.И. Дудинованың «Этика журналиста» (2016), Ү.Уайдиннің «Әдеп әлемі және журналистика» (2015), Қ. Шамахайұлының «Демократиялық қоғамдағы баспасөз және ақпарат құралдары» (2006), Р.Жақсылықбаеваның «Журналист этикасы» (2013) т.б. ғалымдар еңбегін атап өтуімізге болады. Бұл еңбектер теориялық бағытта ғана емес, журналист этикасы мәселесіне де басты назар аударады. Этика мәселесі – қоғамдағы келелі тақырыптың бірі. Бұрын да солай, қазір де көптің талқылауынан өте берері сөзсіз.

Зерттеуші Тұрсын Ғабитов «Этика және қазақтың әдеп мәдениеті» оқу құралында: «Этика әлем халықтарының әдеп жүйесін, моральды, адамгершілік мәдениетін зерттейтін философиялық пән. «Этика» термині ежелгі грек тілінде «Бірлесе өмір сүруші адамдар тобының мекен-жайы» дегенді білдіреді, кейін әдеп туралды ілім мағынасына ие болды. «Әдеп» термині түркі халықтарының тіліне орта ғасырлардағы араб-мұсылман мәдениетінің ықпалымен енген, деп атап өтеді (Ғабитов Т., 2014).

«Этикет» және «эстетика» сөздері кеше ғана пайда болған ұғым емес. Бұл сөздердің тарихы ежелгі грек дәуірінен бастау алғандығы жөнінде мағлұматтар бар. Этика термині ежелгі гректің «этнос» сөзінен пайда болған. (Жақсылықбаева Р., 2013).

Этиканы ғылымға енгізген әлемнің алғашқы ұстазы – Аристотель. Ғұлама бұл салаға қатысты біршама еңбектер жазып, этиканың күллі адамзаттың айнасы екендігін келер ұрпаққа ұғындырып кетті. «Этика жайында айтпай тұрып, ең алдымен біз оның ненің құрамдас бөлігі екендігін анықтап алуымыз қажет. Анығын айтқанда этика – саясаттың бір бөлігі» (Аристотель., 1984). Ойшыл бұл тұста қарапайым халықтан бөлек билік иелерінің мінез-құлқы да этикет үлгісіне сай болуы қажет екендігін айтып отыр. Аристотель этикалық шешім қабылдауды өнер (техне) ретінде бағалады. Сонымен қатар ол этикалық тәртіп нақты ғылым бола алмайтынын айтты.

Философ Иммануил Кант қоғам заңмен жүріп, тәртіпке бағынуы керек деп есептеді. Сондай-ақ ол барлық адам тең әрі ешкім

әлдекімнің мақсатқа жету құралына айналмауы керек деген ойда болды. Моральдық қоғамға арналған заңдылық формуласы атанып кеткен категориялық императив туралы Кант тағы бірде былай деп жазды: «Әрбір саналы адам өзі үшін де, басқалар үшін де заңдық күші бар қағидаларға бағынуы керек» (Immanuel Kant. 1981).

Этика жайында сөз қозғағанда ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби пікірімен санаспай өтуге болмас. Саналы ғұмырын осы саланы зерттеуге арнаған ғалым артынан өлшеусіз еңбек қалдырды. Этикалық трактаттарында адам үшін ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігін талдап көрсетеді. Дана ойшылдың айтуынша, дүниеге келудегі басты мақсат – бақытты болу. Әрине, ғалым мал-мүлікті берекесіз шашып, дүние есігіне сыймай сауық-сайранда өмір сүруді меңзеп отырған жоқ. Ол бақытты қайырымды, адал адам атанғанда ғана табатынымызды айтады. «Біз бақытқа жетіп алғаннан кейін басқа ештеңеге мұқтаж емес екендігімізді көреміз. Ал осыған қолы жеткен адамға ең жарастығы – қанағатшылық жасау» (Әл-Фараби., 1975). Философ еңбегінен алынған үзіндідегі қанағатшылық – адам басындағы бақты ұстап тұрар бірден-бір қасиет екендігі, адамға бақыт өз ниетіне қарай берілетіндігін айқындап тұр. Белгіленген мөлшерден артық сұрау – жақсылыққа әкелмейді.

Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен қайырымдылық бір-бірінен бөлек жүрмейді. Мұндай жағдайда Аристотель айтқандай екі қасиеттің дәл «алтын ортасын» табуымыз қажет. Ары қарай сол табылған тепе-теңдіктен көз жазып қалмаған жөн. Зұлымдықтың арбауына түспей, жамандықтан жанымызды қорғап адам атанудан ұялмай өмір сүру.

Этика сөзімен таралып, «эстетика» атауына ие болған немесе жай ғана біздіңше «әдемілік» ұғымы бәрімізге таныс дүние. Әсемдік атаулыға бәріміздің жанымыз құмар, бірақ оның өзі білдей бір ғылым саласы екендігін барлығы бірдей емес. Ойшыл Платон: «Сұлулық дегеніміз – мәңгілік және өзгермейтін, сезімнен тыс идея, өнер туғызатын сезім иірімдері осы идеяның көрінісі», – деп анықтама береді. (Платон., 1969). Демек, эстетика – мәңгілік өзгермейтін көркем заңдылық.

Этика – ең бірінші кезекте әдеп. Себебі, әдеп бар жерде – ұят бар. Қазақта: «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала», – деп бекер айтпаған. Көрнекті жазушы Илияс Есенберлин: «Ауыздан шыққан суық сөз жүрекке жеткен-

ше мұзға айналады», - деген ойының астарында көп мағына жатыр. Адам қандай жағдайда болмасын өз асыл қасиетінен арылмауы қажет. Адамгершілік ауыздан шыққан бір ауыз сөзбен де бағаланып жатады. Қазақта «Әдептің басы – байқап сөйлеу», «Әдепсіз келінге әдемі киім жараспайды», «Жасында әдеп үйренбеген кісіден өскен соң қайран жоқ», «Әдеп – ілімнен бұрын келеді» деген нақыл сөздердің шығуы осындай жайттардан туындап отыр.

«Мінез-құлықтың басты бір үйлестірушісі болып келетін мораль талаптарының құқықтық нормалардан айырмашылығы – оны заңдық немесе өзге құжат актілерде жазып, нұсқамайтындығында» (Merrill J. 1997).

Елімізде 90-жылдардан бастап журналист этикасы мәселесі басқаша қырынан қойыла бастады. Бүгінде медиа этика мәселесінің жиі көтерілуі осы салада мәселелердің туындап отырғанын көрсетсе керек. Журналистердің арасында этика нормаларын бұзушылықтар, өз бостандықтары мен мүдделерін өзгеден жоғары қою қылаң беріп жатады. Сондықтан этика мәселесі еріксіз көпшілік тарапынан алынып, сыналады.

Фин ғалымы Ларс Брун журналист мамандығының 59 кодексіне зерттеу жүргізіп, оның 53-інде журналистің ең маңызды сипаты – шындықты қастерлеу деп табылып, жарияланғанын анықтаған (Professional Codes in Journalism. 1979). Журналистің ар-ұждан нормасына олардың кәсіби қызметтерінің ықпалы басым екендігін осыдан-ақ көруге болады.

Материалдар мен тәсілдер

Журналист – ақпаратты іздеп қана қоймай, сұрата да, тарата да алатын, дұрыстығын тексеретін, жұмыс бабымен барлық (жабық шаралардан басқа) шараларға қатысатын, кез-келген құрал-жабдық түрін (тыйым салынбаған жағдайда) қолданатын, құжаты арқылы түрлі жиында төбе көрсетуге лайықты әрі (құпия құжаттан басқа) кез-келген құжатпен танысуға құқылы тұлға. Сондай-ақ, сала мамандарымен ақпаратқа қатысты тілдесуге, бүркеншік ат қолдануға, жеке сеніміне кереғар ақпараттарды жариялатпауға, (сот талап етпеген жағдайда) ақпарат көздерінің құпиялылығын сақтауға құқылы.

Қандай да бір оқиға болғанда ғаламтор, сайт ақпаратын тексеру қиын соғып жатады. Батыс BuzzFeed журналистер тобы медиа ұйымның

жетекшісі Крейг Сильверман ақпаратты өңдеп, тексеретін нұсқаулық жазып шықты. Сондай-ақ, ағылшын тілінен басқа бірнеше тілде зерттеу репортажы туралы бірнеше жаңа нұсқаулық бар (Media Ethics: Issues and Cases by Philip Patterson. 2018).

Сондай-ақ, Крейг Сильверман Poynter веб-сайтында түзетулердің неліктен маңызды екендігі, оны қалай тиімді жасау керектігі туралы түсініктеме береді (Media Ethics: Issues and Cases by Philip Patterson. 2010).

«NPR этика» нұсқаулығында журналистикадағы журналистік зерттеудегі факті, дәйекке қатысты арнайы бөлімі бар. (NPR Ethics Handbook., 2021)

Нью-Йорк университеті студенттеріне арналған «Журналистика» нұсқаулығы дереккөзге қалай жүгінуге болатыны туралы кеңес береді, соның ішінде айыптау мен сынға жауап беруге мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда, жаңалық сюжетіндегі ақпарат ешқашан субъекті үшін күтпеген жағдай болмауы керек, өйткені журналист оларға мәлімдеме мен ақпаратпен қарсы тұруы керек (NYU Journalism Handbook for Students., 2020).

«American Journalism Review» журналында Марк Лишерон «Harper's» журналында жарияланған тергеуді зерттей отырып, жасырын есеп беру этикасына терең бойлайды (By Mark Lisher., 2007).

Әлем бойынша журналистік жұмысты қамтитын 400-ге жуық кодекс бар. Олардың мазмұны сан түрлі болғанымен, көпшілігінде шындық, дәлдік және фактіге негізделген міндеттер бар, өйткені олар кодексті ақпаратты жинауға, алуға және таратуға қолданады.

Журналист – өзі қызметке тұрған бұқаралық ақпарат құралының бағдарламасын орындауға, жалған ақпарат таратпауға, авторлық құқықты сақтауға, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын құрметтеуге міндетті.

Бір оқып, бірден түсінуге болатын баптағы бөлімдердің әрбіріне мысал келтіруге болады. Алайда біздің ойға «Частная война» фильмі түсіп отыр. Жазудың да сәті дәл бүгін туып тұрғандай. Себебі, бұл туынды журналистің кез-келген жерде өзінің «Журналист» екенін дәлелдейтін құжаты болса, ақпарат тарата алады деген жоғарыда келтірген бөлімдердің біріне мысал бола алады.

Фильм Мэри Кэтрин Колвин есімді америкалық журналистің өміріне негізделген, шыннайы деректерге сүйене отырып түсірілген.

2018 жылы көрерменге жол тартқан туындының режиссері – Мэтью Хейнеман. Сценарийін жазған – Араш Амель.

Фильмнің бір ерекшелігі – басты рөлдегі журналист бейбіт шеру немесе жиындарда емес, соғыс жүріп жатқан елді мекендерден хабар таратқандықтан, сол жердегі қиындықтарды әсерлі етіп бере алуында.

Мэри Колвин – АҚШ тумасы. Йель университетін бітіргеннен кейін бір жылдан соң журналистік мансабын «United Press International» ақпараттық агенттігінен бастап, «The Sunday Times» газетінде жалғастырады.

1986 жылдан бері газеттің Таяу Шығыстағы тілшісі, 1995 жылдан бері сыртқы істер бойынша тілшісі болып қызмет атқарған ол Шешенстан, Косово, Сьерра-Леоне, Зимбабве, Шри-Ланка және Шығыс Тимордағы ірі қақтығыстардан да ақпарат таратады. 1999 жылы Шығыс Тиморда қамауда болған 1500 әйел мен баланың өмірін сақтап қалады.

Бұған дейін, «Журналист» деген құжаты арқылы әрі өзінің ептілігімен қақтығыс болып жатқан ел ішіне еркін кіріп, ақпарат таратып жүрген ол, 2001 жылдың 16 сәуірінде Шри-Ланкада болған жарылыстан соң сол жақ көз жанарынан айырылады. Соның өзінде Колвин өз мансабын тоқтатпайды.

2012 жылы ол Сирия үкіметінің тосқауылына қарамастан, азаматтық соғысты көрсету үшін елге рұқсатсыз кіреді. Хомс қаласының батысындағы Баба Амр ауданында орналасып, соңғы рет 21 ақпан күні кешке «BBC», «Channel 4», «CNN» және «ITN News» арналарымен спутниктік телефон арқылы байланысқа шығады. Ол Сирия әскерлерінің Хомс көшелеріндегі адамдарды аяусыз атқылап жатқанын, ғимараттардың талқандалып, снайперлік шабуылдардың жиілегені жөнінде айтады. Тележүргізуші Андерсон Купермен сұхбат барысында Колвин Хомстағы жағдайдың тым ауыр және басынан өткізген ең ауыр қақтығыс екендігін атап өтеді.

Ертесінде қайғылы оқиға орын алады. Колвин француз фотографы Реми Очликпен бірге қаза табады. Сараптама нәтижесіне сәйкес, Мэри Колвиннің «шегелермен толтырылған қолдан жасалған жарылғыш құрылғының» салдарынан қаза тапқаны анықталады.

Фильм дәл осы оқиғалық құрылымдардан тұрады. Шынайы ақпарат алу үшін, қарапайым халықтың жағдайын жеткізу үшін барын салған журналисттің талпынысы, қатерге бас тігуі – режиссердің жеткізбек болған негізі ойы.

Дегенмен фильм арқылы, өз ісіне берілген журналисттің ерлігі арқылы көңілге тоқыған мардымды пікірлерді тілге тиек етпеске болмас.

Фильмдегі өзге ойларға тоқталмай, бізге қажетті тұсынан талдайтын болсақ, онда 20-шы баптағы бөлімнен басқа да құқықтар мен міндеттердің бір бөлігі қамтылған. Мәселен, ҚР «БАҚ туралы» Заңының 20-бабында былай деп жазылған: «Журналистің ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға, мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдауында болуға, жабық шара өткізу туралы шешім қабылданғаннан басқа жағдайда өзін тіркеген орган өткізетін барлық шараларға қатысуға құқы бар». Ақпаратты алу, шынайы ақпарат тарату, ақпараттың дұрыстығына көз жеткізу сынды бөлімдер. Айтпағымыз, әрине, журналисттің құжаты ақпарат алу мен таратуға үлкен септігін тигізеді. Дегенмен, журналист үшін ең бастысы қауіпсіздік екенін мойындау қажет. Фильм де соны растайды. Журналистік куәлік, сапалы техника, байланыс, құрал-жабдықтар екінші орында, өйткені, адам жаны, өмірі қашанда маңызды. Ал, Мэри Колвин өз өмірінен қарапайым халықтың өмірін жоғары қоя білген тұлға. Өз ісіне деген адалдық, шындық үшін арпалыс оны биікке көтеріп, ел есінде қалдырды.

Бұл әрбір журналисттің бойында болуы керек қасиет. Мейлі, міндетті түрде соғыс болып жатқан жерден хабар таратпасаңыз да халықтың көкейіндегі бір мәселенің шешімін табуға, шынайылық пен адалдық танытуға талпыныңыз. Өз құқығыңыз бен міндеттеріңізді жадыңызда ұстап, іске асырыңыз.

Зерттеуші Қ. Шамахайұлы: «Бостандық дегенді журналист білгенін істеу, ойына не келсе соны жазу деп түсінсе, ұғым осылай қалыптасса – ондай еркіндік жүзеге асырыла бастаған сәтте-ақ тұйыққа тіреледі. Құқықтық және этикалық сан алуан шектеулер мен заңдық нормаларға, редакцияның шығармашылық ережелеріне, ішкі тәртібіне сөзсіз бағыну қажет болады. Оның сыртында тағы бір маңызды мәселе бар. Жазатын объектісінің мазмұны күрделі әрі журналисттің білім деңгейінен тым биік болуы және оған дарыны, қабілеті жетпеуі де әбден ықтимал», – деп жазады (Шамахайұлы Қ., 2006). Қандай бір ақпаратты дерек, дәйектеме, оған жасалған

тұжырым, ұсыныс-пікірлердің қайсысында болсын сырттай қарағанда қайшылықтың орын алуы-алмауында тұрған ештеме жоқтай сезілуі мүмкін. Шындығында журналистің нағыз шығармашылық бостандығы осы жерде көрініс табады.

Нәтижелер мен талқылау

2014 жылдың 6 қыркүйегінде SPJ этика кодексі Солтүстік Американың Нашвиллдегі (Теннесси Штаты) ұлттық конвенциясында қайта қаралды. Кәсіби журналистер қоғамының мүшелері қоғамға білім беру әділеттіліктің жаршысы және демократияның негізі деп санайды. Этикалық журналистикада шынайы, адал ақпарат алмасуға әрекет етеді. Қоғам осы қағиданы этикалық журналистиканың негізі деп танып, бұқаралық ақпарат құралы өз тәжірибесінде қолдануға тырысады.

Журналист еңбегіне жауапкершілікпен қарауы тиіс. Жарияламас бұрын тексеріп, мүмкіндігінше бастапқы ақпарат көзін пайдалану қажет. Этикалық кодекстің ережесі мен негізгі міндетін журналистикада қолданамыз. Батыстық этика комитетінің жауапты қызметкері Фред Браун: «Журналист үшін «шындыққа» барынша жақын болудан маңызды ештеме жоқ. Ақиқат, шындық тақырыбы даулы жерде аса қажет», - деп жазады.

Журналист қызметі «БАҚ туралы» заңынан бөлек, ҚР Конституциясымен, Қылмыстық кодекс, Азаматтық кодекс, «Мемлекеттік құпиялар туралы» сынды өзге де заңмен реттеледі.

Конституция мен өзге де заңдарда кепілдік берілген бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы өздерінің тағдырын өздері шешуге, өз күштеріне сенуге, жаңа қоғам құрауда белсенділік танытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы сөз және сөз бостандығын теріс пайдаланудың негізгі құқықтық кедергілерін белгілейді. Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни араздықты қоздыратын үгіт-насихатқа жол берілмейді. Бұл конституциялық тыйымдар жеткілікті жалпы нысанда тұжырымдалғанымен, олар қарастырылып отырған бостандықты жүзеге асыру кезіндегі мінез-құлыққа өте нақты бағдар береді. Оларды бұзу заңда көзделген жауапкершілікке әкеліп соғады.

Тәртіпке бағынған құл болмайды. Сол тәртіптің негізін құрайтын ол – заң. Заң адам өміріне, жалпы қоғамға аса қажет. Қазіргі таңда «Азаматтық кодекс, Еңбек кодексі,

Қылмыстық кодекс сонымен қатар салалық БАҚ туралы» заң бар. Бұл кодекстер, заңдар не үшін ойлап табылды. Себебі қылмыс яғни құқық бұзушылық көп, соны болдырмау үшін. Бұрынғы заманнан бері көп орын алатын қылмыс түрі – *ұрлық*.

Мәселен ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады (*Қылмыстық кодекстің 188-бабы, бірінші тармағы*)

Ар-ождан, адамның намысына, қадір-қасиетіне нұқсан келтіру. Адамды балағаттап, намысына тию, т.б. әрекеттер. Өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге азамат құқылы (*Азаматтық кодекстің 143-бабы*).

Егер бұқаралық ақпарат құралдарында таратылған мәліметтер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, абыройына немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіріп, шындыққа сәйкес келмейтін болса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін түрде теріске шығарылуға тиіс (*«БАҚ туралы Заң»*. 32-бап.)

Журналистика – жауапкершілікті талап ететін, қоғамдық өмірді бейнелейтін сала. Сондықтан да, журналист беретін ақпарат қоғамдық ойдан, пікірден туындайды.

Қазақстан Республикасының «БАҚ туралы Заңында»: «Журналист ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға құқы бар». Мемлекеттік сатып алу порталындағы деректерді журналистер мен Қазақстандағы сатып алу саласын зерттеуші маман Ғалымжан Оразымбет негізге ала отырып 2021 жылдың наурыз айында Сәкен Майғазиев басқаратын Шымкент қалалық мәдениет үйінің Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларға 595 млн теңге бөлгенін анықтаған. «The Qazaq Times» ақпараттық, қоғамдық-саяси порталының журналисі Мият Кәшібай мемлекеттік тексерілген ашық ақпарат көзінен дерек іздестіре отырып бұл ақпараттың ақ пен қарасын ажыратып мақала жариялады (Кәшібай М., 2021). Мият Кәшібай мақаласында әрбір дерегін ашық ақпарат көзінен тексеріп, қай ақпарат көзінен алынғандығы жөнінде сілтеме көрсетіп отырған.

Қаңтар айында еліміздің басынан өткен қасіретте ақпарат тарату қиындай түскені мәлім. Интернетсіз қалған халық журналистерге бар үмітін арта түсті. Сол тұстағы журналистердің қиын жағдайға қарамастан ақпарат тарату барысында өздері де жараланды. «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының дерегінше журналистерге шабуыл жасаған 18 оқиға тіркелген. Оның 17-і журналистер жаппай тәртіпсіздік оқиғасы боп жатқан жерден ақпарат тарату, кәсіби міндетін орындау кезінде болған. Шабуылдан 7 журналист түрлі жарақат алған. Мәселен, Оралда журналист Лұқпан Ахмедияров осындай арандатушылар «әкімшілікті қиратайық» деп тұрған кезде «сіздер не деп тұрсыздар, мақсаттарыңыз қирату ма еді» дегені үшін қамауға алынды. Дарын Нұрсапар да қамалды. Журналист Бақыт Смағұл Көкшетау қаласында «жастар арандап қалмасын» деп комиссияның мүшесі ретінде митингіге жиналғандарды тыныштандыруға, тынышталуға шақыруға барған екен. Оны да қамады. Оларға рұқсат етілмеген митингіге қатысты деген айып бойынша әкімшілік жаза тағайындалған. 4-8 қаңтар аралығында құқық қорғау органдары журналистерді 13 рет ұстаған. Мұның 11-і елдегі наразылық акцияларынан ақпарат тарату, төтенше жағдай кезінде болған (Нұрыш Ж., 2022).

Тағы бір мысал алайық. 2023 жылы қаңтар айында тәуелсіз журналист Динара Егеубаева өзінің жеке көлігін өртеп кеткенін және ұлына шабуылдаған бандиттық топ барын жеке әлеуметтік желісіне салған еді. Оппозициялық мақалалар мен жарияланымдар авторына жасалған бұл заңсыз һәрекеттің артында кім тұрғаны белгісіз. Бірақ, бұл – қылмыстық жауапкершілікке алып келетін әрекет. Мәселен жеке тұлғаның көлігін өртеу “Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру” (ҚК 202-бап) және баласын қорқыту “қорқыту” (ҚК 119-бап) баптары бойынша қылмыстық әрекетке алып келеді. Сәйкесінше, білікті журналист осы секілді өзінің тарапына жасалған кез-келген қатерді заңмен яки құқықтық сауатпен мемлекеттік сотқа жүгіну арқылы өз пайдасына шеше алады.

Журналистика құқық саласымен тікелей байланысатын мамандық. Жазған һәм айтқан дүниенді құқықтың салада қорғай алу журналистің сауаттылығының бір белгісі. Шындықты айтсаң тіліңді кесіп алар кеңес одағында 70 жыл болған ұлтта сөз бостандығы, ой еркіндігі толық қалыптасты деуге келмейді. «БАҚ туралы

Заңның» 2 бабының 1 тармағында: «Цензураға тыйым салынады» делінген, десекте тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде қаншама журналист сот алдында жауапкершілікке тартылды, біразы қудаланды, тіпті бірі қаза тапты.

Тамыз айында тәуелсіз журналист Сандуғаш Дүйсенованы ішкі істер органының бөлімшесінде шешіндіріп камераға түсірген және оны барлық қызметкер көрген деген ақпаратты медиалар жарыса жазды. Дүйсенованың үстінен «Жеке өмірге қолсұқпау және дербес дерек пен оларды қорғау туралы заңнаманы бұзу» (ҚК 147-бап) бабы бойынша іс қозғалған еді. Кейінен сот істің тоқтатылғаны туралы хабарлады. Тергеу барысында қорлық көрген журналистке «Қорлау» (ҚК 131-бап) бабы бойынша ішкі істер органдарының басшысын қылмыстық жауапкершілікке тартуға болатын еді. Бірақ, біздің билік бұл тұста істі тоқтату арқылы ғана құтылды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы сөз және сөз бостандығын теріс пайдаланудың негізгі құқықтық кедергілерін белгілейді. Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни араздықты қоздыратын үгіт-насихатқа жол берілмейді. Бұл конституциялық тыйым жеткілікті нысанда тұжырымдалғанымен, қарастырылып отырған бостандықты жүзеге асыруда мінез-құлыққа нақты бағдар береді. Оларды бұзу заңда көзделген жауапкершілікке әкеліп соғады. Осылайша, қазақстандық басылымдарда француздық «Шарли Эбдо» журналына ұқсас мультфильмдердің жариялануы дінаралық араздықты қоздырғаны және дінге сенушілердің діни сезімін қорлағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті қарастырып қана қоймай, оқырман қауымның едәуір бөлігін басылымнан алшақтатады.

2014 жылдың сәуіріндегі «Жұлдыздар отбасы – Аңыз адам» журналының саны Адольф Гитлердің тұлғасы мен нацистік идеологияны талқылауға арналды. Нөмірдегі материалдың бірінде журналист ұлт-социалистер көшбасшысын ақтап қана қоймай, мәтінді ксенофобиялық сипаттағы ойдан шығарумен сүйемелдеген. Оқырмандар ең көп айыптаған материал «Адольф Гитлер – фашистік емес» деп аталды. Осы нөмір жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінің хабарлауынша: «Журнал санының мазмұнында әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе ұлтаралық араздық тудыру тұрғысынан Конституция мен заңнаманы бұзу белгілері бар. Діни өшпенділік (Қазақстан Республика-

сы Қылмыстық кодексінің 164-бабы)...» Үлкен журналдың жариялануын талқылаған кейбір әлеуметтік желі қолданушылары «Аңыз Адам» журналистерінің Гитлердің жеке басына берген бұл бағасымен үзілді-кесілді келіспеді. Қоғамдық ұстаным журнал жариялаған ұстаныммен айқын келіспеушіліктен көрінді. 2014 жылдың маусым айында Алматы аудандық соты бір топ Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің арызын қанағаттандырып, бас редактор Ж.Қалыбайды фашизмді насихаттағаны үшін кінәлі деп тапты. Сот шешіміне сәйкес, редактор оларға моральдық шығын өтемақы ретінде 13 миллион теңге төлеп, кешірім сұрауы қажет деп танылды.

Жыл басында журналист Михаил Козачковқа қатысты мәселе көпті даурықтырып, журналистер арасында кең талқыға түскен еді. Былтыр желтоқсан айының 18-жұлдызында қазақстандық журналист М. Козачковтың ұсталғаны туралы ақпарат тарайды. Қаржы мониторингі агенттігі бұл ақпаратқа түсініктеме берді. Олардың сөзінше, Козачков Алматы қаласы мен Алматы облысында жеке кәсіпкерлердің мүлкін рейдерлік жолмен басып алды деген күдікпен ұйымдасқан топқа қарсы жүргізілген қылмыстың аясында қолға түскен. Ресми деректерге сүйенсек, М. Козачковқа адамның жеке өміріне қатысты жалған ақпарат таратты деген айып тағылған. Алматы гарнизонының жариялаған ақпаратында журналистің отбасы құпиясына қатысты мәліметтерді заңсыз жинап, таратқаны жөнінде айтылған. Сондай-ақ, «Адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жинау және адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді таратуға дем берушілік бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 147-бабының 3-бөлігі, 28-бабының 5-бөлігі – 147 бабының 5-бөлігінде көзделген көрінеу жалға ақпарат тарату жасады деп айып тағылған К-ға қатысты қылмыстық іс қаралды», – деп көрсетілген. Одан өзге хабарламада журналист Козачковтың жәбірленушілерге қатысты олардың алкогольмен уланғаны туралы жалған ақпарат таратқаны жөнінде айтылған. Қылмыстық процесінің себебі мұнымен бітпек емес. Журналист құқық қорғау органдарында қызмет ететін тәжірибелі маман, әрі досы Бұрхан Жансейітовті ірі көлемдегі сыйақыға ҰҚТ мүшелеріне сыбайластық жасауға тартқан. Тергеу барысында Жансейітов пен Козачковтың өз қызметтері үшін ҰҚТ мүшелерінен 52 миллион

теңге сыйақы алғаны дәлелденді. Бұл оқиғадан жоғарыда аталған журналистің кәсіптік этика міндеттемнің бір емес, бірнеше тармағына қайшы әрекет жасап, заңға қарсы өрескел қателікке жол бергенін аңғарамыз. Халық мүддесі үшін емес, жеке басының пайдасын көздеп, қызметтік бабын асыра сілтеп пайдалану – кәсіби журналистке тән емес.

Сөз, ақпарат және пікір білдіру бостандығын теріс пайдалануға қарсы халықаралық стандарттар да әзірленді. «Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау» туралы Еуропалық конвенциясында: «Міндет пен жауапкершілік туыратын бостандықты жүзеге асыру заңмен белгіленгендіктен, демократиялық қоғамда ұлттық қауіпсіздік, аумақтық тұтастық, мемлекет мүдде үшін қажетті шарттарға, шектеулерге ұшырауы мүмкін», - делінген.

Сонымен, сөз және өз пікірін білдіру бостандығына қатысты конституциялық нормаларды іске асыру әркімнің осы бостандықты еш кедергісіз жүзеге асыруын, журналистің құқықтық негіздерін одан әрмен дамытуды көздейді. Конституцияның 20 бабның 1 тармағында: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады», - деп жазылған. Бірақ, іс жүзінде цензура жасаудың түрлі амалдарын қолданып келе жатқан елміз. Ақпаратымыз – насихат, сөз бостандығы – мадаққа айналған. Сонымен бірге, сөз бостандығын дарақылыққа балайтын тұсымыз да бар. Сөз бостандығы осы екен деп жалған ақпарат таратып, аузына не келсе соны айтатындар кездеседі.

Азаматтық, құқықтық мемлекет дамыған сайын БАҚ қызметі құқықтық тұрғыда жауапкершілікті сезіне түседі. АҚШ журналистері ақпарат алу мүдделері шектелген жағдайда дереу сотқа жүгінеді. Күні бүгінге дейін Америка журналистикасының тарихында журналистер арасында шындықты бұрмалаған, өз кәсібіне опасыздық жасаған оқиға сотта қаралмаған. Бұл баспасөз туралы жеке заңы жоқ елге журналистика сынды қоғамдық институтқа төртінші билік деген атаудың кездейсоқ берілмегендігін байқатады.

Қорытынды тұжырымдар

Этикалық, моральдық мәселелердің дұрыс-теріс, ақ-қарасын журналист ғана ажыратып береді. Сондықтан, құрғақ сөзден гөрі, дерек пен

оқиғадан құрылған материалдың құндылығын білуіміз қажет.

Журналист кәсібін қашанда құрметтеуге, оны аяқ асты етпеуге тиіс. Жазбалары қаншалықты сәтті шығып, жұрт ықыласына бөленген сайын соншалық кішіпейіл, адал болуы қажет. Журналист мамандығының ерекшелігі – үнемі ел алдында, халық бақылауында болатындығында. Журналист жазған әр мақаласына оқырман баға береді. Жазғанына даңдайсыған сыңай байқалса автордан бұрын оқырман байқап қояды. Оқырман мені сырттай бақылап отыр дегенді журналист үнемі естен шығармауы тиіс. Журналист өз басының жеке мүддесін ешқашанда қоғам, халық мұратынан жоғары қоймауы керек.

Журналистің міндеті, жауапкершілігі, іскерлігі, кішіпейілділігі, мәдениеттілігі, ісіне адал әрі әділ болуы – кәсібінің нағыз майталманы дегенді ұғындырады. Өмір шындығын жұртқа жеткізіп, қоғамдық пікір қалыптастырушы, төртінші билік иесінің өтірік айтпауы, жалған ақпарат таратпауы, журналист этикасының да қастерлі қасиетін ұғынуы болып саналады. Қазақта «Айтпаса сөздің атасы өледі», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген нақыл сөздер журналистің

қашанда ұстанатын өмірлік қағидасы іспетті болуы қажет.

Көрнекті жазушы Илияс Есенберлин: «Ауыздан шыққан суық сөз жүрекке жеткенше мұзға айналады», - деген пікірінің астарында көп мағына жатыр. Адам қандай жағдайда болмасын өзінің асыл қасиетінен арылмауы қажет.

Журналистің этикалық мәселесі «Бұқаралық ақпарат құралдары» Заңында баяндалып, БАҚ-та жұмыс істеу міндеті, журналист құқығы бірнеше бапта белгіленген. Елімізде «Ұлтаралық қатынастарды жазып көрсетудегі этика кодексi» қабылданып, БАҚ-тың, журналистің қоғамдағы мақсаты айқындалған. Ал, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да кейбір заң актілерінде БАҚ пен журналистикаға қатысты мәселелер қамтылған.

Журналист – бұқаралық ақпарат құралдарындағы негізгі тұлға. Онсыз қандай баспасөз болса да талапқа сай дайындалып, халықтың рухани талғамын қанағаттандыра алмайтыны түсінікті. Сондықтан, ең алдымен журналист кәсібі тұрғыда толыққанды маман ретінде танылып, еңбек етуі тиіс. Публицистикалық жазбаларында тек шындықты жазып, барлық мәселеге объективті түрде баға беруі керек.

Әдебиеттер

- Аристотель. Большая этика. – 1984. – С.1.
Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. -Алматы: 1975 – 3 б.
By Mark Lisher. Lying to Get the Truth. Oktober. November. 2007. <http://ajrarchive.org/Article.asp?id=4403>
Ғабитов Т. Этика және қазақтың әдеп мәдениеті. – Алматы. 2014. -5 б.
Жаксылықбаева Р. Журналист этикасы. –Алматы: ҚазҰУ. 2013.
Immanuel Kant. Grounding for the Metaphysics of Morals, trans. James W. Ellington. Indianapolis, IN: Hackett, 1981.
Кәшібай М. Әкімдік мәліметі ресми дерекке қайшы: Шымкент наурызға қанша қаржы бөлді? 2021. 31 наурыз // <https://qazaqtimes.com/article/84880>
Media Ethics: Issues and Cases by Philip Patterson, Lee Wilkins , definitive guide to verifying digital content for emergency coverage <http://verificationhandbook.com/> et al. Aug 24, 2018.
Media Ethics: Issues and Cases by Philip Patterson and Lee Wilkins, <https://www.poynter.org/news/how-journalists-can-do-better-job-correcting-errors-social-media> Jul 21, 2010.
Merrill J. Journalism Ethics. New York: St. Martin Press.1997. p.41.
NPR Ethics Handbook. These are the standards of our journalism. 2021. <http://ethics.npr.org/category/a1-accuracy/>
NYU Journalism Handbook for Students., 2020. <http://journalism.nyu.edu/publishing/ethics-handbook/human-sources/>
Нұрыш Ж. Қаңтар оқиғасы кезінде журналистер қандай қысымға ұшырады? 3 мамыр 2022. // <https://newreporter.org/kz/2022/05/03/2685/>
Ли Энн Пек, Гай С. Рил. Медиа этика. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. -2018. -39 б.
Professional Codes in Journalism. JOJ. 1979. P.27.
Платон //Антология мировой философии. –М.: -1969. 360 б.
Шамахайұлы Қ. Демократиялық қоғамдағы баспасөз және ақпарат құралдары. Оқу құралы. –Астана. -2006.-11 б.

References

- Arīstotel. Bolšaya étika. [Great ethics]. – 1984. – p. 1.
Āl-Farabī. Ālewmettik-étikalıq traktattar. [Social and ethical treatises]. – Almatı: 1975-3 p.
By Mark Lisher. Lying to Get the Truth. Oktober. November. 2007

<http://ajrarchive.org/Article.asp?id=4403>

Ѓабитов Т. тїка жне қазақтың деп мденїети [Ethics and ethical culture of the Kazakh people]. – Алматы. 2014.-5 p.

Жасылыбаева R.S. Журналист тїкасы [Ethics of journalist], Алматы, Қазақ университеті, 2013, 32 б.

Immanuel Kant. Grounding for the Metaphysics of Morals, trans. James W. Ellington. Indianapolis, IN: Hackett, 1981.

Кшыбай М. кімдік мліметі ресмі дерекке қайсы: Шымкент наурызға қанша қаржы блді? [Information of the akimat contrary to official data: how much did Shymkent allocate for nauryz?]. 2021. 31 наурыз // <https://qazaqtimes.com/article/84880>

Media Ethics: Issues and Cases by Philip Patterson, Lee Wilkins, definitive guide to verifying digital content for emergency coverage <http://verificationhandbook.com/>) et al. Aug 24, 2018.

Media Ethics: Issues and Cases by Philip Patterson and Lee Wilkins, <https://www.poynter.org/news/how-journalists-can-do-better-job-correcting-errors-social-media> Jul 21, 2010.

Merrill J. Journalism Ethics. New York: St. Martin Press.1997. p.41.

NPR Ethics Handbook. These are the standards of our journalism. 2021. <http://ethics.npr.org/category/a1-accuracy/>

NYU Journalism Handbook for Students. 2020. <http://journalism.nyu.edu/publishing/ethics-handbook/human-sources/>

Нурїш Ж. Қантар оқиғасы кезінде журналистер қандай қысымға ұшырады? [What is the role of journalists during the Qantar incident?] 3 мамыр, 2022. / <https://newreporter.org/kz/2022/05/03/2685/>

Лї нн Пек, Gay S. Рїл. Медиа тїка. [Media ethics]. Алматы: Ултїтқ аударма бюросы. -2018. – 39 б.

Professional Codes in Journalism. JOJ. 1979. P.27.

Platon. Antologїya mirovoy filosofїi. [Anthology of World Philosophy]. – М.: -1969. 360 p.

Шамхайұлы Қ. Демократїялық қоғамдағы баспасөз жне ақпарат қаралдары. [Press and media in a democratic society]. Оқу қаралы. –Астана. -2006.-11 б.